

MEDIEVAL HISTORY  
OF CENTRAL EURASIA



№1 (6) 2025





# MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA

*Has been published since 2020*

## No. 1 (6) 2025

Astana 2025

---

**EDITORIAL TEAM OF THE JOURNAL  
MEDIEVAL HISTORY OF CENTRAL EURASIA**

**CHIEF EDITOR**

Doctor of historical sciences,  
Assistant Professor  
**Nursultanova L.N.**

**EDITORS:**

|                         |                                                                      |
|-------------------------|----------------------------------------------------------------------|
| <b>Ibraeva A.Y.</b>     | <b>PhD(Kazakhstan)</b>                                               |
| <b>Shevnina I.V.</b>    | <b>PhD in History (Kazakhstan)</b>                                   |
| <b>Balgabayeva G.Z.</b> | <b>Candidate of Historical Sciences, Professor,<br/>(Kazakhstan)</b> |
| <b>Kushkumbaev A.</b>   | <b>Doctor of Historical Sciences, Professor,<br/>(Kazakhstan)</b>    |
| <b>Atakan Akcay</b>     | <b>PhD in History (Turkey)</b>                                       |
| <b>Meltem Akinci</b>    | <b>PhD in History (Turkey)</b>                                       |
| <b>Salikhov A.G.</b>    | <b>Candidate of Historical Sciences, (Russia)</b>                    |

Editorial address: 8, Kabanbay Batyr avenue, of.316, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010000  
Tel.: (7172) 24-18-52 (ext. 316)  
E-mail: [medieval-history@isca.kz](mailto:medieval-history@isca.kz)

**Medieval History of Central Eurasia**  
Owner: Astana International University  
Periodicity: quarterly  
Circulation: 500 copies

---

## CONTENT

**К. Кондыкорова, Ж. Абдрахманова, Д. Бекбергенова, Д. Шинжанова** Роль образования: В глобализационных процессах Китая, Европейского Союза и США.....5

**С.М. Сыздыков, Қ.С. Өскембаев** Ұлытау: Құран, аңыз және тарих үндестігі.....15

## Ұлытау: Құран, аңыз және тарих үндестігі

С.М. Сыздықов<sup>1</sup>, Қ.С. Өскембаев<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup> ҚР ҰҒА құрметті Академигі, «Ортағасырлық деректану» Орталығының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. 010000, Астана қ., Қазақстан. satay14@mail.ru

<sup>2</sup> Астана халықаралық университетінің профессоры, т.ғ.к. 010000, Астана қ., Қазақстан. k.uskembayev@gmail.com

\* Автор корреспондент

**Андатпа.** Мақала Сарыарқа төрінде орналасқан **Ұлытау, Қарқаралы** елді мекендерінің Ұлы Дала тарихындағы маңызды кезеңдеріне арналған. Аталған мақалада атаулардың қалыптасуы, этимологиясы және аталған өңірлері көне дәуірден мекен етіп, кейін қазақ халқының қалыптасуына өз үлестерін қосқан түркі ру-тайпалары жайлы талданады. Авторлар Батыс Түрік қағанатының құрамына кірген ру-тайпалардың, әсіресе түргеш, қарлықтар қоныстары мен киелі орындар жайлы археологиялық, жазба, тарихи аңыздар, көне түркі, қытай, араб және парсы жазба деректерін қарастырып, кешенді және пәнаралық байланыста өз тұжырымдарын ұсынады. Сонымен қатар В. Радлов, Ө. Марғұлан, Ғ. Есім, В. Минорский, Аманжоловтар сияқты зерттеушілер көтерген негізгі тақырыптар мен мәселелерге ерекше тоқталып, одан әрі зерттеу үшін өздерінің қорытындысы мен ұсыныстарын береді.

**Кілт сөздер:** Ұлытау, Қарқаралы, киелі орын, түргеш қонысы, қарлық бірлестігі, Тау хан, Қазылық, Қарқар хан.

### Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде: *«Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағлымды тарихымыздың куәсі. «Үш жүздің басын қосқан Ұлытауда» бабаларымыз ұлттың келешегін ойлап, бірліктің туын желбіреткен. Қалың қауым осы киелі өлкеде ел билеген хандарды ақ киізге көтеріп, таққа отырғызған. Сондықтан біз Ұлытау жеріне хан ордасы, қазақ жерінің кіндігі деп, ерекше құрметпен қараймыз»* - деген еді [1]. Ұлытау – Еуразиялық кеңістіктің кіндігінде орналасқан. Сондықтан осы кеңістікте болған тарихи кезеңдер мен маңызды оқиғалар Ұлытау өңірінсіз өткен жоқ десе болады. Егерде тарихи дәуірлеу тұрғысынан қарасак, Ұлытау – ежелгі дәуірдегі сақтар мен ғұндардың ерсілі-қарсылы миграциясын, орта ғасырлардағы түркілердің мемлекеттілігінің сабақтастығын, Дешті Қыпшақ даласындағы қазақ мемлекеттілігінің бастауы болып табылатын Жошы ұлысының құрылуын, Қазақ хандығы тұсында билер және батырлар институтының қалыптасуын, патша үкіметінің отаршылдық жүйесінің зардаптарын, Алаш зиялыларының елдің еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресін және Кеңестік дәуірдің зобалаңын бастан кешірген тарихқа бай өлке екендігі мәлім.

### Материалдар мен әдіс-тәсілдер

**Тау – киелі орын.** Тау – тек қазақ үшін ғана емес, жалпы адамзат баласы үшін ерекше орын алады. Оған дәлел ретінде Earth («Жер») деп аталатын кітаптың әлемнің көптеген университеттерінде негізгі оқу құралы ретінде оқытылып келетінін айтуға болады. Аталған кітапта таулардың өзіндік «тамырлары» бары айтылған [2,435,157 бб.]. Бұл тамырлар жердің тереңіне кеткендіктен тауларды жерге қадалған қадалармен немесе қазықтармен салыстыруға болады Бұл құбылыс Құранда былай суреттелген: *«Біз жерді төсеніш қылып, тауларды қада тәрізді етіп жаратпадық па?»*[3]. Заманауи ғылымдар жердің құрылымын зерттей отырып, таулардың тереңге кететін «тамырлары» барын дәлелдеді. Сонымен қатар,

таудың жер асты бөлігі жер үсті бөлігінен бірнеше есе үлкен болуы мүмкін екендігін байқаған[4, 5 б.]. Таулардың бұл құбылысына Құранда айтылған «қада» сөзі дәлірек келетінін көруге болады. Өмір тәжірибиесінде дұрыс ұрылған қаданың көп бөлігі жердің астына кететіндігі белгілі. Ендеше, таудың көп бөлігі жер астына кететіндігіне назар аударған Құран оны жерге ұрылған «қадаға» (қазық) ұқсататыны орынды.

Осы ретте айта кететін нәрсе, таулардың терең «тамыры» бары туралы теория XIX ғасырдың екінші жартысында ғана пайда болғанын ғылымның тарихынан білуге болады. Сонымен қатар, таулар жердің беткі қабатын тұрақтандыруда да маңызды рөл атқарады [5,44-45 бб.]. Олар жердің тепе-теңдігін сақтап, оның теңселуін болдырмайды. Бұл туралы қасиетті Құранда былай делінген: «*Сендерді теңселтпеу үшін жер жүзінде асқар тауларды орналастырды...*» [6]. Қазіргі жер плиталарының тектоникасы деген теория тауларды жер бетін тұрақтандырушы күш ретінде қарайды. Таулардың бұл қызметі XX ғасырдың 60-жылдарының аяқ жағында «*плиталық тектоника теориясы шеңберінде*» дами бастады [7,5 б.]. Ал ол құбылыс Құранда осыдан 14 ғасыр бұрын ашық-анық айтылып кетсе, бұл Кітаптың адам сөзі екендігіне күмән келтіретіні сөзсіз.

Ал, Ұлытауға келсек, оны Ақмешіт әулие (Әулиетау) шыңы деп атайды. Аңыз бойынша бұл тауды Тәңір өзі таңдаған. Әулиетау шыңы – аспанға жақын, аспан мен жердің бір-бірімен түйісетін орны. Сондықтан да, ежелден тау киелі жер, тұрақты әрекет үстіндегі киелі күштердің ордасы, адамзаттың табиғатпен байланысқа түсетін қасиетті орны болып саналған. Сол себепті Ұлытауға тәу етушілер қатары ешқашан толастаған емес және толастамайды да.

Мақаланы жазуда тарихи үрдістердің диалектикалық даму заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, тарихи құбылыстар объективтік, жан-жақтылық, нақтылық тарихилық ұстанымдар тұрғысынан қарастырылды. Сондай-ақ тарихи зерттеудің кеңінен танылған ғылыми әдістері мен талдау тәсілдері, салыстырмалы талдау, жүйелілік, салыстырмалы анализ, синтез, хронологиялық, тарихи жүйелеу т.б. басшылыққа алынды. Нәтижесінде интерпретация (пайымдау) жасалып, қорытынды шығарылды.

### Талқылау және нәтижелер

**Ұлытау - Тау хан ұлы Ала атты.** Ұлытау атауының шығу төркіні туралы бірқатар пікірлер бар екендігі белгілі. Оларды қайталап жатпай-ақ, мына бір дереккөзге көңіл аударған жөн секілді. Рашид-ад-диннің «Жылнамалар жинағында»: Оғыз ханның алты ұлы бар еді. Үлкенінің аты – Күн хан, екіншісі – Ай хан, үшіншісі – Жұлдыз хан, төртіншісі – Көк хан, бесіншісі – Тау хан, алтыншысы – Теңіз хан. Бұл алтауының әрқайсысының әйелдерінен туған төрт-төрттен ұлдары бар еді. Тау ханның Салұр, Емүр, Ала атты және Үркер атты төрт ұлы болған [8,86 б.] Шежіредегі Тау хан деген атау сол хан елінің ежелден таулы, қыратты аймақтарда мекендегенін меңзейді. Сонымен қатар, Тау ханның ұлдары ішіндегі Ала атты ұлының аталуы ерекше көңіл аударарлық. Бұл ретте хан ұлының ала болып туып, хан бұл масқаралықтан құтылу үшін оны дүз-даладағы бір кемпірге асырауға беріп жібергені туралы қазақтың ескі тарихи аңызын еске алайық. Осы аңыз бойынша әлгі ала ұлының жағдайын біліп келуге хан қоластындағы Үйсін, Болат, Алшын қолбасшыларына жүз-жүзден сарбаздарын ерттіріп, бірінің артынан бірін жібергені айтылады. Жіберген жүздіктері қолбасшыларымен бірге ержеткен ала атты баласын ұнатқандықтан қасында қалып қойып, кейін қазақтың үш жүзден құралған елі қалыптасады.

Аңызда хан баласының «ала» болуы ерекше көңіл аударарлық нәрсе. Ертеде ғұн дәуірінде-ақ, ру тайпалардың сарбаздары әр түсті ат мінген. Ал оның ішінде Қарлық тайпа бірлестігінің аттары жабайы жылқылармен будандастырылғандықтан түсі ала болғаны белгілі. «*Алаша хан тұрғанда, ала тай ат болғанда*» деген сөздерден біздер Алаштың ала түсті жылқы малына тікелей қатысы барын түсінеміз Жоғарыда келтірілген Оғыз қағанның баласы Тау хан ұлының «Ала аттылы» деп аталуы да қарлықтардың ала, шұбар жылқыларды

өсіріп, қолға үйретіп ұстауымен байланысты. Бұл аттардың ерекшелігі: ұзақ жүріске, жорықтарға, шөлге төзімді, арқасы кең, тұяғы кішілеу, бойы аласа, қосымша күту-бағуды қажет етпейтін, қолға үйретілген жылқылардан көп артықшылығы болған. Мұндай жылқыларды қарлықтардан алдыртуға Шығыс елдері мен Араб халифаты да экспедиция жіберіп отырғанын қытай жылнамалары хабарлайды. Сонымен қатар, «Оғызнаме» тарихи аңыздардағы Оғыз ханның жоғалған Шауқартаң айғырын бектің Мұзтаудан тауып әкелуі де осы қарлықтарда ала аттардың болғанын меңзейді [9, 32-42 бб.]. Мұндағы «шауқар» – көне түркі тілінде және қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де «ала», «шұбар», «теңбіл» деген мағынаны береді. Жалпы, пайымдай келгенде аңыздардағы хан ұлының Ала аттылы болуы осы аталған жылқылардың түсіне байланысты болуы керек. Сондықтанда Жылнамадағы Тау хан ұлы атауы кейін Тау ұлы - Ұлытау» болып аталып кетуінің мүмкіндігі зор. Бұны философ Ғ. Есімнің: *«Мұсылман жұрты тауды «Ұлы» демейді. Теңі, теңдесі жоқ жаратушы – Алла Тағаланы ғана қазақтар «Ұлы» деп мойындаған»* [10]. Ұлытау атауы осы таудың баурайындағы *«Хан Ордасына»* тікелей қатысы бар, деген тұжырымы анықтай түседі. Оған Жошыдан тарайтын 36 ханды жұрт осы Ұлытаудың етегінде ақ кигізге көтеріп, хан сайлап, олар халқына адал қызмет етуіне ант беріскені де айғақ бола алады.

**Ұлытау – Түргеш қағандығы.** Түркі дәуірінде Ұлытау өңіріндегі ру-тайпалар Батыс Түрік қағанатының құрамына кіріп, қағанатпен бірге тарихы тағдырлас ел құрады. Бұл өңірдің кейін қазақ елін құрған ру тайпалардың басын алғаш біріктірген Түрік қағанаты тұсындағы түргештердің мекені болғандығына басты куә – Күлтегін бітіктасындағы 39-шы жазу болып табылады. Онда: *«Қара Түргеш: бүтін халық: жау болды: Кеңгерес таман: барды...»*, деп айтылады [11, 39 б.]. Бұл жерде Күлтегіннің сарбаздары қара түргештерге бару үшін **«Кеңгереске»** бет алғаны айқын көрінеді. «Кеңгерес» атауын алғашқыда ғалымдар этникалық атау, яғни тайпа атауы деп қарастырған. Кейін қазақтың көрнекті түркологы Алтай Аманжолов бұл атаудың топонимикалық, яғни Ұлытау өңіріндегі Кеңгір өзені екендігін дәлелдеді [12, 39 б.]. Шынында да Ұлытаудағы ең үлкен өзен – Қаракеңгір, ұзындығы – үш жүз елу шақырымға созылады. Ал Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері қосылып Сарысуға құятыны белгілі. Сонымен тарихта белгілі қара түргештер мен сары түргештердің атаулары Ұлытаудағы Сарыкеңгір мен Қаракеңгір жер-су атауларында да көрініс бергенін байқауға болады.

Түркі кезеңіндегі тарихи жыр-эпостарға кезек берсек, Ұлытау өңіріндегі өмір сүрген ру-тайпалар мен кісі аттары тарихилығы мол «Манас батыр» эпопеясында жиі кездесетінін айтпай кетуге болмайды. Жырдағы сюжет бойынша Ұлытау мен оған жақын Кішітауды Ер Қосай мен ер Үрбі мекендеп отырған. Жырда кездесетін Ер Бақайды ғалым Ә. Марғұлан түргештер тарихындағы Баға тарханмен сәйкесу мүмкіндігін айта келіп, жоғарыда келтірілген тұлғалардың бәрін түргештер кезеңіне, яғни VIII - ғасырға жатқызады [13, 217 б.]. Жалпы, «Он Оқ» ру-тайпаларын құрамына еңгізген түргештер Орталық Азияның саяси-этникалық тарихында маңызды рөл атқарғаны белгілі. Түргештердің тарих сахнасына шыққан кезі – Орталық Азиядағы геосаяси жағдайдың күрделі кезеңіне сай келді. Олар өздерінің тәуелсіздігін қорғап қалу үшін шығысында Шығыс Түрік қағанаты, оңтүстік-шығысында Қытай, оңтүстік-батыста арабтармен үнемі күрес жүргізуіне тура келді.

Түргештердің Батыс Түрік қағанаты, яғни «Он оқ» тайпалар бірлестігі елінің мұрагері болып қалғанын олардың ел тағдырын шешетін маңызды жиылыстарында он тудың көтерілетінінен де көруге болады. Он тайпалы елдің әрқайсысының өз туы болған. Сонымен қатар, түргештердің өздері сары және қара түргештер болып, екі қанатқа бөлінген. Оларды Үшлік (Баға тарқан) кейін Сұлу қаған сияқты тұлғалы билеушілер басқарды. VIII ғасырдың басында түргештердің өз ішіндегі қырқысушылықтарға байланысты жікке бөлінушілік белең алды. Осындай жағдайда, түргештер 756 жылы басымдыққа ие болған қарлық ру-тайпалық бірлестігіне (конфедерациясына) кірді. Кейін қазақ халқын құраған көптеген ру-тайпалардың осы бірлестік құрамында болғаны белгілі.

**Ұлытау – Қарлық (Қазылық) -Қарқар хан.** VIII-X ғасырларда Ұлытау өңірі түргештерден кейін Қарлық қағанатының құрамында болған кезде оның билеушісі Білге Күл Қадыр хан 840 жылы қаған атағын алып, тәуелсіз мемлекет құрған еді. Бұл мемлекет 100 жылдай қағанат, кейін хандық түрінде моңғол шапқыншылығына дейін өмір сүрді. Қарлық қағанатының билеушісі Білге Күл Қадырханды «Худуд ал - Алем» атты парсы жазба дерегінде келтірілген Қарқарханмен сәйкестендіруге болады. Көрнекті шығыстанушы В.Ф. Минорский аталған ортағасырлық шығарманы зерделей отырып, **Қарқархан ордасын қазіргі Семейдің оңтүстік батысына қарай 350 км. қашықтықтағы Қарқаралының тұрған жерімен сәйкестендіреді** [14,54 б.]. Жалпы алғанда, Қарқархан иелігіне Ұлытау, Балқаш пен Алакөл, Шыңғыстау және Тарбағатай кіретін Орталық, оңтүстік және Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. Ол туралы **Фирдоусидің «Шах-наме» («Патшалар кітабы»)** атты тарихи эпопеясында қарлықтардың жаз айларында оңтүстікте Гиндукуштан (қазіргі Ауғанстан тау жүйесі) бастап, солтүстікке Шу бассейні мен Ұлытауға, батыста Арал көлі мен Қандаһар, Буст пен Газнеден, шығыста Памир мен Ыстықкөлге дейінгі аралықта көшіп-қонып жүретіндігі айтылған [15,114 б.]. Бұл кезеңде Ұлытау өңірінің Қарлық мемлекетінің құрамында болғанын көрсетеді.

Орталық Қазақстандағы қарлықтар қоныстары мен таулар жүйесін қытай деректері «қазылық» деп жазғанын Ө. Марғұлан ашық айтады [7,217]. Онымен қоса ғалым «қазылық» – «Манас» эпопеясында жиі аталатынын және оның қазақ шежіресімен тығыз байланыстылығына аса көңіл аударып, дәлелдер келтірген. Көрнекті түрколог В.Радлов Қазылық тауының Қазақстан жерінде екенін жазған[13,172 б.]. Жалпы, халықтың ауызекі шығармашылығында «Қазылық» атауы ежелден дәстүрлі орын алғаны белгілі. Ұлытау өңірі - «Қорқыт Ата» кітабында, араб географы әл-Идриси картасында [16,21 б.], бертінде қазақ ақыны Күдері қожа жырында айтылатын «Қазылық» жер-су, тау жүйесінде берік орын алады. Бұл атау «Қорқыт ата» дастанының қалыптасу кезінен бастап, XX ғасырға дейін жиі айтылып жүрген. Оған «Қорқыт ата» кітабындағы «Қазылық ұлы ер Жүгенек» жыры мен XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ақыны Күдеріқожа Көшекұлының Қарқаралы – Қазылық толғауы куә бола алады. Ал, Бұқар жырау жырларында: «Он екі Қазылық, ой Түндік, Шауып шықтым белеңге, - делінген. Бұл он екі Қазылық тауларының қатарында Ұлытаудың да бар екені анық.

«Қазылық» атауының ертеректе қазақ арасында кеңінен бір тараған мағынасы билік айту, төрелік ету. «Қорқыт ата» кітабындағы «Қазылық ұлы ер Жүгенек» жырында Қазылық қожа – уәзір ретіндегі кейіпкер. Бұдан «қазылық» пен «уәзір» бір мағынада, яғни, қазақша айтқанда би мағынасына келеді. Сонда Ұлытау өңірі – ежелден қазылық ететін, яғни, төрелік айтылып, билік жүргізетін орын болған десек, қателеспейміз. Жоғарыда аталған ала аттарды «Қазылық аты» (тау аты) деп те атаған. Қорқыт Ата кітабында бұл аттар туралы: «Сайрап жүрген Қазылық атына мінгейсің», – делінген [17,172 б.].

Ұлытау тарихы - қазақ елі тарихының қай дәуірі болмасын өзегі болып табылады. Ұлытау жөнінде бұған дейін де жазылған. әлі де жазыла беретіні анық. Өйткені ол біздің мәңгілік қастер тұтар, бас иіп тағзым етер қасиетті де киелі ордамыз, тірлігіміздің, бірлігіміздің бастауы, қайнар көзі.

### **Қорытынды**

Қорыта келе айтатынымыз мемлекет басшысы Қ.Ж. Тоқаев айтқандай, оның ақтандақтарын ашып, бүтіндеу тарихшылар алдында тұрған парыз. Тарихшылар қауымы үшін бұл істе барлық деректер түрлерін: археологиялық, жазба, тарихи аңыздар, көне түркі жазбаларын, этнографиялық деректер мен түркі-қазақ шежірелерін және кейінгі кезде белең алып келе жатқан ДНК-талдау нәтижелерін кешенді және пәнаралық байланыста зерттеу арқылы Ұлытау өңірінің толық тарихын барлық тарихи дәуірлер бойынша жазудың уақыты келді.

### Әдебиеттер тізімі

- [1] Тоқаев Қ-Ж. Тарихы терең Ұлытаудың қадір-қасиетін бағалай білу – баршамызға ортақ парыз // <https://kaz.inform.kz> news.
- [2] Earth, [«Земля»], Пресс (Press) и Сивер (Siever), стр. 435. См. также Earth Science [«Жер туралы ғылым»], Тарбук (Tarbuck) и Лутгенс (Lutgens), стр. 157.
- [3] Құран Кәрім: «Нәбә» сүресі, 6-7 аяттар.
- [4] The Geological Concept of Mountain in the Quran, [«Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы»], Эль-Наггар (El-Naggar), 5 бет.
- [5] The Geological Concept of Mountains in the Quran, [«Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы»], 5 бет.
- [6] Құран Кәрім: «Нәхл» сүресі, 15 аят.
- [7] The Geological Concept of Mountains in the Quran, [«Құрандағы тау құрылымының геологиялық концепциясы»], 5 бет.
- [8] Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Том. 1, Книга первая. М.-Л. 1952.
- [9] Щербак А.М. Огуз-наме, Мухаббат-наме. М.: Изд. Вос точной Литературы, 1959. - 169 с.
- [10] Ғарифола Есім. Ұлытау – билік ордасы / Абай. кз, 6 қыркүйек, 2014.
- [11] Орхон ескерткіштерінің толық Атласы. Астана: «Күлтегін». 2007
- [12] Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы: Оқу құралы. Алматы: Санат, 1996.-128 б.
- [13] Марғұлан Ә. Ежелгі-жыр аңыздар. Алматы: 1985. - 368 б.
- [14] Minorsky V. Hudud'ul-Alem. The Religion of the World, a person geography // GMNS. - XI. London, 1937.
- [15] Фирдоуси. Шахнаме. Издательство: М.: Издательство АН СССР. Том 1. 1957.
- [16] Кумекон Б.Е. Расселение карлуков по карте ал-Идриси (XII в.) / Казахстан в эпоху феодализма (проблемы этнополитической истории). Алма-Ата: Наука, 1981. -192 с.
- [17] Книга моего деда Коркута. М.-Л.: Издательство АН СССР, 1962.

### References

- [1] Toqaeв Q-J. Tarihy tereñ Ulytaýdyñ qadir-qasietin baғalaı bilý – barshamyzға ortaқ paryz // <https://kaz.inform.kz> news.
- [2] Earth, [«Zemlia»], Press (Press) ı Siver (Siever), str. 435. Sm. takje Earth Science [«Jer týraly gylym»], Tarbýk (Tarbuck) ı Lýtgens (Lutgens), str. 157.
- [3] Quran Kárim: «Nábá» súresi, 6-7 aıattar.
- [4] The Geological Concept of Mountain in the Quran, [«Qurandaғы тау qurylymynyñ geologıalyq kontseptsıasy»], El-Naggar (El-Naggar), 5 bet.
- [5] The Geological Concept of Mountains in the Quran, [«Qurandaғы тау qurylymynyñ geologıalyq kontseptsıasy»], 5 bet.
- [6] Quran Kárim: «Náhl» súresi, 15 aıat.
- [7] The Geological Concept of Mountains in the Quran, [«Qurandaғы тау qurylymynyñ geologıalyq kontseptsıasy»], 5 bet.
- [8] Rashıd-ad-dın. Sbornik letopiseı. Tom. 1, Knıga pervaya. M.-L. 1952.
- [9] erbak A.M. Ogýz-name, Mýhabbat-name. M.: Izd. Vos tochnoi Literatýry, 1959. - 169 s.
- [10] Ğarifola Esim. Ulytaý – bılik ordasy / Abai. kз, 6 qyrkúiek, 2014.
- [11] Orhon eskertkishteriniñ tolyq Atlasy. Astana: «Kúltegin». 2007
- [12] Amanjolov A. Túrki filologıasy jáne jazý tarihy: Oqý quraly. Almaty: Sanat, 1996.-128 b.
- [13] Marǵulan Á. Ejelgi-jyr aңызdar. Almaty: 1985. - 368 b.
- [14] Minorsky V. Hudud'ul-Alem. The Religion of the World, a persion geography // GMNS. - XI. London, 1937.
- [15] Firdoýsı. Shahname. Izdatelstvo: M.: Izdatelstvo AN SSSR. Tom 1. 1957.

- [16] Kýmekov B.E. Rasselenie karlýkov po karte al-Idrisi (III v.) / Kazakhstan v epohý feodalizma (problemy etnopoliticheskoi istorii). Alma-Ata: Naýka, 1981. -192 s.
- [17] Kniga moego deda Korkýta. M.-L.: Izdatelstvo AN SSSR, 1962.

## Улытау: совмещение корана, мифов и истории

С.М. Сыздыков <sup>1</sup>, К.С. Ускембаев <sup>2\*</sup>

- <sup>1</sup> Почетный академик Национальной академии наук Республики Казахстан, директор Центра «Средневекового источниковедения» Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, 010000, г. Астана, Республика Казахстан. satay14@mail.ru
- <sup>2\*</sup> Профессор Международного университета Астана. 010000, г. Астана, Республика Казахстан, к.и.н. e-mail: k.uskembayev@gmail.com

Статья посвящена важным периодам в истории Великой степи, а также поселениям Улытау и Каркаралы, расположенным в регионе Сарыарка. В работе анализируются происхождение и этимология этих названий, а также тюркские племена, населявшие данные территории с древнейших времен и в дальнейшем способствовавшие формированию казахского народа. Авторы предлагают комплексный и междисциплинарный подход, исследуя археологические данные, письменные источники, исторические предания, а также древнетюркские, китайские, арабские и персидские тексты о поселениях и священных местах племен, входивших в состав Западно-Тюркского каганата, особенно тюркешей и карлуков. Особое внимание уделено основным темам и проблемам, затрагиваемым такими выдающимися исследователями, как В. Радлов, А. Маргулан, Г. Есим, В.Ф. Минорский, А. Аманжолов. В статье также представлены собственные выводы авторов и рекомендации для дальнейших исследований в данной области.

**Ключевые слова:** Улытау, Каркаралы, святое место, поселение тюркешей, община карлыков, Тау-хан, Казылык, Каркар-хан.

## Ulytau: Harmony of the Quran, Myths and History

S.M. Syzdykov <sup>a</sup>, K.S. Uskembayev <sup>2\*</sup>

- <sup>1</sup> Honorary Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the Center for Medieval Source Studies of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, Republic of Kazakhstan. satay14@mail.ru
- <sup>2\*</sup> Uskembayev Kanat Sadvakasovich, professor at the Astana International University, Republic of Kazakhstan, Candidate of Historical Sciences. e-mail: k.uskembayev@gmail.com

**Annotation.** The article is dedicated to significant periods in the history of the Great Steppe, as well as the settlements of Ulytau and Karkaraly, located in the Saryarka region. The study analyzes the origin and etymology of these names, as well as the Turkic tribes that inhabited these territories from ancient times and later contributed to the formation of the Kazakh people. The authors propose a comprehensive and interdisciplinary approach, examining archaeological data, written sources, historical traditions, as well as ancient Turkic, Chinese, Arabic, and Persian texts about the settlements and sacred sites of the tribes that were part of the Western Turkic Khaganate, especially the Türgesh and Karluks. Special attention is given to key themes and issues explored by such prominent researchers as V. Radlov, A. Margulan, G. Yesim, V.F. Minorsky, A. Amanzholov. The article also presents the authors' own conclusions and recommendations for further research in this field.

**Keywords:** Ulytau, Karkaraly, sacred site, Türgesh settlement, Karluk community, Tau-Khan, Kazylyk, Karkar-Khan.